



БҰЙРЫҚ

2015 ж. 21 қаңтар

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ *33*

город Астана

**«Қазгеология» ұлттық геологиялық барлау компаниясы»
акционерлік қоғамының Дивидендтік саясатын бекіту туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 18) тармақшасына, «Қазгеология» ұлттық геологиялық барлау компаниясы» акционерлік қоғамы Жарғысының 64-тармағының 13) тармақшасына және Қоғам Директорлары кеңесі күндізгі отырысының 2014 жылғы 26 қарашадағы № 6/14 хаттамасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес «Қазгеология» ұлттық геологиялық барлау компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам), Дивидендтік саясаты бекітілсін.

2. Қоғам Басқармасының төрағасы Ғ.Ж. Нұржанов осы бұйрықтан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Активтерді басқару департаментінің директоры А.Ж. Закирьяноваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қоғамның жалғыз акционерінің шешімі болып табылады.

5. Осы бұйрық қол қою күнінен бастап күшіне енеді және таратылуға жатады.

Министрдің міндетін
атқарушы



А. Рау

Қазақстан Республикасы Инвестициялар
және даму министрінің міндетін
атқарушының 2015 жылғы
«21» 01 № 33 бұйрығына қосымша

**«ҚАЗГЕОЛОГИЯ» ҰЛТТЫҚ
ГЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУ КОМПАНИЯСЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ДИВИДЕНДТІК САЯСАТЫ**

Бізгі

2

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы «Қазгеология» ұлттық геологиялық барлау компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Дивидендтік саясаты «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның Жарғысы мен Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес әзірленді және таза кірісті тарату, оның дивиденд төлеуге арналған бөлігін анықтау, дивидендтер мөлшерін айқындау және дивидендтер төлеу тәртібін, оның ішінде төлеу мерзімдері мен нысанын белгілейді.

2. Терминдер және анықтамалар

2.1. Осы Дивидендтік саясатта пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар Қазақстан Республикасының заңнамасында пайдаланылатын мағынада қолданылады.

2.2. Осы Дивидендтік саясаттың мақсаттары үшін мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

акционер – акцияның меншік иесі болып табылатын адам;

акция - Қоғам шығаратын және Қоғамды басқаруға қатысу, ол бойынша дивиденд және ол таратылған жағдайда қоғам мүлкінің бір бөлігін алу құқығын, сондай-ақ Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделген өзге де құқықтарды куәландыратын бағалы қағаз;

дивиденд - акционердің өзіне тиесілі акциялар бойынша Қоғам төлейтін кірісі;

резервтік капитал - Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Қоғамның шаруашылық қызметін жүзеге асыруға байланысты залалдарды жабу үшін таза кірістен жыл сайынғы аударымдар арқылы қалыптастырылатын капитал;

даму қоры – Қоғамның қаржы есептілігіне сәйкес дивиденд төленіп, резервтік капитал қалыптастырғаннан кейін Қоғамның билік етуінде қалған таза кіріс бөлігі.

3. Дивидендтер туралы негізгі ережелер

3.1. Дивидендтер төлеу шарттары және тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қоғам Жарғысымен, осы Дивидендтік саясатпен, сондай-ақ акционерлердің тиісті шешімдерімен регламенттеледі.

3.2. Жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау акционерлердің міндеті емес, құқығы болып табылады. Акционерлер дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

3.3. Жарияланған дивидендтерді төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

3.4. Қоғам Басқармасы есепті жылдан кейінгі жылдың бірінші сәуіріне дейін көрсетілген акцияларға иелік ету және пайдалану құқықтарын жүзеге асыратын акционерлердің акциялар пакетіне дивидендтер мөлшерінің болжамдық көрсеткіштерін ұсынуға міндетті.

4. Дивидендтік саясаттың мақсаттары және негізгі қағидаттары

4.1. Қоғамның Дивидендтік саясаты мынадай мақсаттарда қалыптастырылады:

1) Қоғамның активтерін көбейту және капиталдандырудың өсуін қамтамасыз ету;

2) акционерлер мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз ету және дивидендтер мөлшерін анықтау мен оларды төлеудің айқын, түсінікті, акционерлерге қолжетімді тетігін орнату;

3) дивидендтерге шарттардың болуы туралы және оларды төлеу тәртібі туралы нақты түсінікті қалыптастыру үшін акционерлерге жеткілікті ақпаратты ұсыну;

4) дивидендтерді төлеу кезінде Қоғамның қаржылық ахуалына қатысты акционерлерді шатастыру мүмкіндігін жою.

4.2. Қоғамның Дивидендтік саясаты мынадай қағидаттарға негізделеді:

1) акционерлердің Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғам Жарғысында және Корпоративтік басқару кодексінде көзделген құқықтарын қатаң сақтау;

2) Қоғамның капиталдандыруын өсіру және активтердің құнын көбейту мақсатында Қоғамды дамыту үшін таза кірістің бөлігін инвестициялау есебінен Қоғамның қызметіне жеткілікті қаржыландыруды қамтамасыз ету;

3) таза кірістің капиталдандыратын бөлігі есебінен Қоғамды дамытудың басты мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ету;

4) дивидендтерді төлеу туралы шешімді қабылдау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғам Жарғысында белгіленген шектеулерді сақтау;

5) Қоғам Басқармасын жоспарланатын таза кіріске және дивидендтерге қол жеткізуге ынталандыруды қамтамасыз ету;

6) Қоғамның бір жыл алға жоспарлауы және кейінгі жылдарға таза кіріс мөлшерінің, жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асыру үшін қаржы ресурстарындағы қажеттіліктің, жоспарланатын дивидендтер мөлшерінің болжамын құру, сондай-ақ Қоғамның Директорлар Кеңесі тарапынан қаржы жылының нәтижелері бойынша Қоғамның іс жүзінде қол жеткізген көрсеткіштеріне бақылауды жүзеге асыру және Директорлар Кеңесінің дивидендтердің мөлшерін нақтылау жөнінде ұсыныстарды әзірлеуі;

7) Директорлар кеңесінің есептік жылдың нәтижелері бойынша таза кірістің келісілген мөлшеріне қол жеткізілгенін ескере отырып, Қоғамның басшы қызметшілерінің тиімділігін бағалауы;

8) жалғыз акционердің мүдделерін сақтау;

9) дивидендтердің мөлшерін анықтау тетігінің айқындылығы.

5. Дивидендтерді төлеудің негізгі шарттары

5.1. Жалғыз акционер дивидендтерді төлеу туралы шешімді қабылдау кезінде оларды төлеу шарттарына негізделеді, сондай-ақ есепті қаржы кезең үшін алынған таза кірістің және Қоғамның қызметін дамыту қажеттіліктерінің мөлшерін ескереді.

5.2. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтерді төлеу үшін шарттар:

1) жылдың қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері бойынша Қоғамның таза кірісінің болуы;

2) дивидендтерді есептеу үшін заңнамада көзделген шектеулердің болмауы;

3) Қоғамдағы дивидендтерді есептеу және төлеу тәртібінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі;

4) Қоғамның қаржылық және материалдық-техникалық ахуалының талап етілетін деңгейін ұстау, оны дамыту келешегін қамтамасыз ету;

5) Директорлар кеңесінің дивидендтердің мөлшері туралы ұсыныстарының болуы;

6) Жалғыз акционердің дивидендтерді төлеу туралы шешімінің болуы.

6. Дивидендтердің мөлшерін айқындау тәртібі

6.1. Дивидендтер Халықаралық қаржы есептілігінің стандарттарына сәйкес жасалған Қоғамның қаржы есептілігі негізінде айқындалатын оның таза кірісінен төленеді.

6.2. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесі өткен қаржы жылы үшін Қоғамның таза кірісін тарату тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы жыл қорытындысы бойынша Қоғам төлейтін дивиденд мөлшері туралы ұсыныстарды Жалғыз акционерге ұсынады.

6.3. Дивидендтерді төлеу мөлшері мен мерзімдері туралы түпкілікті шешім Жалғыз акционердің шешімімен қабылданады.

6.4. Жалғыз акционерге ұсынылатын дивидендтердің мөлшерін анықтау кезінде Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның Басқармасы ұсынатын таза кірісті таратудың негізгі бағыттарын ескереді. Директорлар кеңесі дивидендтердің мөлшері жөнінде ұсыныстарды әзірлеу үшін Қоғам Басқармасы есептік қаржы кезеңінде Қоғам қызметінің нәтижелері бойынша алынған таза кірісті болжамды таратудың әрбір бағыты бойынша негіздемені ұсынады.

6.5. Таза кірісті тарату жөнінде ұсыныстарды және дивидендтік төлемдерге ұсынылатын кіріс үлесі туралы мәселенің шешімін талдау кезінде Қоғамның Директорлар кеңесі таза кірісті тарату пропорциясына ықпал ететін мынадай негізгі факторларды ескереді:

1) Қоғамның алынған таза кірісінің нақты мөлшері;

2) Қоғамның резервтік капиталы мен даму қорының қалыптасуын қамтамасыз ету;

3) келесі есептік кезеңге Қоғамның қаржы-шаруашылық жоспарлары;

4) Қоғамды стратегиялық дамытудың басымды мақсаттарын қамтамасыз ету.

6.6. Дивидендтердің акционерлерге ұсынылатын мөлшерін (бір жай акцияға шаққандағы) және дивиденд төлемдеріне арналған Қоғамның таза кірісінің тиісті үлесін анықтау кезінде Қоғамның Директорлар кеңесі дивидендтік төлемдеріне арналған қаражаттың сомасы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келуі тиіс деген жайтқа сүйенеді.

6.7. Бір жай акцияға дивидендтер мөлшері Қоғамның жай акцияларының санына бөлінген таза кірістің сомасына сүйене отырып, анықталады.

6.8. Бір жай акцияға шаққандағы дивидендтердің Директорлар кеңесі ұсынатын мөлшері Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен есептеледі және теңгеге дейін математикалық ережелерге сәйкес дөңгелектенеді.

7. Таза кірісті пайдалану тәртібі

7.1. Салықтарды төлегеннен кейін Қоғамның таза кірісінің бөлігі:

1) мемлекеттік акциялар пакетіне дивидендтерді төлеуге;

2) Қоғамды дамытуға не резервтік капиталды қалыптастыруға жіберу үшін Қоғамның билік етуіне бағытталады.

7.2. Қоғамның резервтік капиталын қалыптастыруды және оны пайдалану тәртібін бекітуді Қоғамның Директорлар кеңесі жүзеге асырады.

8. Дивидендтерді төлеу туралы шешімді қабылдау тәртібі

8.1. Осы Дивидендтік саясатының 5.2-тармағымен көзделген шарттар болған жағдайда, Қоғамның Директорлар кеңесі осы Дивидендтік саясаттың 6-бөлімін басшылыққа ала отырып, Жалғыз акционердің қарауына өткен қаржы жылы үшін Қоғамның таза кірісін тарату тәртібі және акционерлер түпкілікті шешімді қабылдау үшін Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы жыл қорытындысы бойынша Қоғам төлейтін дивидендтердің мөлшері туралы ұсыныстарды ұсынады.

8.2. Қоғамның Директорлар Кеңесінің қаржы жылының нәтижелері бойынша акциялар бойынша төленетін дивидендтердің мөлшері және оны төлеу тәртібі жөніндегі ұсыныстары хаттамамен (Директорлар кеңесінің шешімімен) ресімделеді, оның үзіндісі акционерлердің түпкілікті шешімді қабылдауы үшін қолданыстағы заңнамаға сәйкес Қоғам акционерлеріне қолжетімді болуы тиіс.

8.3. Қоғамның Жалғыз акционері заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) мемлекеттік акциялар пакетіне дивидендтерді төлеу (төлемей)

туралы шешім қабылдайды;

2) есепті қаржы жылы үшін Қоғамның таза кірісін тарату тәртібін бекіту туралы шешім қабылдайды;

3) Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекітеді.

8.4. Дивидендтерді төлеу туралы шешімді қабылдау туралы акпарат дивидендтерді төлеуге шарттардың болуы және оларды төлеу тәртібі туралы нақты түсінікті қалыптастыру үшін жеткілікті болуы тиіс.

8.5. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімде мынадай мәліметтер:

1) дивидендтер төленетін кезеңін;

2) бір жай акцияға шаққандағы дивидендтің мөлшерін;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген, дивидендтерді төлеудің басталатын күнін немесе төлеу кезеңін;

4) дивидендтер төлеудің тәртібі мен нысанын қамтуы тиіс.

8.6. Жалғыз акционер Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешімді қабылдайды және хаттамамен ресімделеді.

9. Дивидендтерді төлеуге шектеулер

9.1. Жалғыз акционер дивидендтерді төлеу туралы шешімді қабылдау кезінде акционерлік қоғамдар туралы заңнамасында белгіленген шектеулерді басшылыққа алады.

9.2. Орналастырылмаған немесе Қоғамның өзі сатып алған акциялар бойынша, сондай-ақ, егер сот немесе Қоғамның Жалғыз акционері оны тарату туралы шешім қабылдаса, дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

9.3. Қоғамның жай акциялары бойынша:

1) өз капиталының теріс мөлшері болған жағдайда немесе, егер қоғамның өз капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер Қоғам Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлеу қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сай келсе не аталған белгілер қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде пайда болса, дивидендтерді есептеуге жол берілмейді.

10. Дивидендтерді төлеу тәртібі мен нысаны

10.1. Жыл қорытындысы бойынша дивидендтер дивидендтерді есептеу туралы шешім қабылдау кезінде акционерлер белгілеген мерзімде төленеді.

Егер дивидендтерді төлеу мерзімінің соңғы күні жұмыс емес күнге түскен болса, онда мерзімнің аяқталу күні болып жұмыс емес күннен кейін келетін келесі жұмыс күн саналады.

10.2. Қоғам мерзімінен бұрын дивидендтерді төлеу бойынша міндеттемелерді орындауға құқылы. Қоғам дивидендтерді төлеу бойынша міндеттемені дивидендтерді төлеу мерзімі ішінде кез келген күні орындауға құқылы.

10.3. Жалғыз акционердің дивидендтерді төлеу туралы шешімі болмаған жағдайда, Қоғам дивидендтерді төлеуге, ал акционерлер олардың төленуін талап етуге құқылы емес.

10.4. Дивидендтер Қоғамның есептік шотынан жергілікті салық органының қазынашылық шотына соманы аудару арқылы ақшалай нысанда төленеді.

10.5. Төленетін дивидендтерге Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте салық салынады.

11. Дивидендтік саясат туралы ақпаратты ашу

11.1. Акционерлер және басқа мүдделі тұлғалар осы Дивидендтік саясатпен және оған өзгерістермен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген тәртіпте, сондай-ақ Интернет желісіндегі Қоғамның www.kazgeology.kz ресми web-сайтында таныса алады.

11.2. Акционерлерге шешімді қабылдау үшін ұсынылатын материалдардың құрамында дивидендтерді төлеуге қажетті шарттардың болуы не болмауы туралы куәландыратын ақпарат қамтылуы тиіс.

11.3. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтерді төлеу (төлемей) туралы шешімді қабылдаған күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде бұл шешім бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы тиіс.

12. Дивидендтерді уақтылы төлеу үшін жауапкершілік

12.1. Қоғам акциялар бойынша жарияланған дивидендтерді төлеуге міндетті.

12.2. Қоғам Басқармасы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Қоғам Жарғысына сәйкес дивидендтерді уақтылы емес төлеу үшін жауапты болады.

12.3. Дивидендтер оларды төлеу үшін белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда акционерге мерзімін өткізіп алудың әрбір күніне дивидендтердің негізгі сомасы және ақша міндеттемесін немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесін негізге ала отырып, есептелетін айыппұл төленеді.

13. Қорытынды ережелер

13.1. Осы Дивидендтік саясатты бекіту туралы шешімді, сондай-ақ осы Дивидендтік саясатқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешімді және оның күші жойылғаны туралы шешімді Қоғамның Жалғыз акционері қабылдайды.

13.2. Егер осы Дивидендтік саясаттың жекелеген тармақтары Қазақстан

Республикасының заңнамасына және Қоғам Жарғысына қайшы болса, бұл тармақтардың күші жойылады және осы тармақтармен реттелетін мәселелердің бөлігінде осы Дивидендтік саясатқа тиісті өзгерістер енгізілген сәтке дейін Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғам Жарғысының нормаларын басшылыққа алу керек.

Бидеу



БҰЙРЫҚ

21 январь 2015 г.

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 33

город Астана

Об утверждении Дивидендной политики акционерного общества
«Национальная геологоразведочная компания «Казгеология»

В соответствии с подпунктом 18) пункта 1 статьи 36 Закона Республики Казахстан «Об акционерных обществах», подпунктом 13) пункта 64 Устава акционерного общества «Национальная геологоразведочная компания «Казгеология» и протоколом очного заседания Совета Директоров Общества от 26 ноября 2014 года № 6/14, **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить Дивидендную политику акционерного общества «Национальная геологоразведочная компания «Казгеология» (далее - Общество), согласно приложению к настоящему приказу.

2. Председателю Правления Общества Нуржанову Г.Ж. принять необходимые меры, вытекающие из настоящего приказа.

3. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить на директора Департамента по управлению активами Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан Закирьянову А.Ж.

4. Настоящий приказ является решением единственного акционера Общества.

5. Настоящий приказ вступает в силу со дня его подписания и подлежит рассылке.

И.о. министра

А. Рау



«ҚАЗГЕОЛОГИЯ» АҚ
кіріс № 44
2015 ж. «28» 01
орындау мерзімі
негізгі 2, қосымша

Приложение
к приказу и.о. министра по инвестициям
и развитию Республики Казахстан
от «21» 01 2015 года № 33

**ДИВИДЕНДНАЯ ПОЛИТИКА
АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА
«НАЦИОНАЛЬНАЯ ГЕОЛОГРАЗВЕДОЧНАЯ
КОМПАНИЯ «КАЗГЕОЛОГИЯ»**

1. Общие положения

1.1. Настоящая Дивидендная политика акционерного общества «Национальная геологоразведочная компания «Казгеология» (далее - Общество) разработана в соответствии с Законом Республики Казахстан «Об акционерных обществах» (далее - Закон), законодательством Республики Казахстан, Уставом и Кодексом корпоративного управления Общества и устанавливает порядок распределения чистого дохода, определения его части, направляемой на выплату дивидендов, определение размера дивидендов и выплату дивидендов, в том числе сроки и форму их выплаты.

2. Термины и определения

2.1. Термины и определения, используемые в настоящей Дивидендной политике, применяются в том значении, в каком они используются в законодательстве Республики Казахстан.

2.2. Для целей настоящей дивидендной политики используются следующие термины и определения:

акционер - лицо, являющееся собственником акции;

акция - ценная бумага, выпускаемая Обществом и удостоверяющая права на участие в управлении Обществом, получение дивиденда по ней и части имущества Общества при его ликвидации, а также иные права, предусмотренные Законом и иными законодательными актами Республики Казахстан;

дивиденд - доход акционера по принадлежащим ему акциям, выплачиваемый Обществом;

резервный капитал - капитал, формируемый по решению Совета директоров путем ежегодных отчислений из чистого дохода для покрытия убытков, связанных с осуществлением хозяйственной деятельностью Общества;

фонд развития - часть чистого дохода согласно финансовой отчетности Общества, остающаяся в распоряжении Общества после выплаты дивидендов и формирования резервного капитала.

3. Основные положения о дивидендах

3.1. Условия и порядок выплаты дивидендов регламентируется законодательством Республики Казахстан, Уставом Общества, настоящей Дивидендной политикой, а также соответствующими решениями акционеров.

3.2. Принятие решения о выплате дивидендов по простым акциям является правом, а не обязанностью акционеров. Акционеры вправе принять решение о невыплате дивидендов.

3.3. Выплата объявленных дивидендов осуществляется согласно законодательству Республики Казахстан.

3.4. Правление Общества обязано представлять прогнозные показатели размера дивидендов на пакет акций акционерам, осуществляющим права владения и пользования указанными акциями, до первого апреля года, следующего за отчетным.

4. Цели и основные принципы дивидендной политики

4.1. Дивидендная политика Общества формируется в целях:

- 1) увеличения активов и обеспечение роста капитализации Общества;
- 2) обеспечения баланса интересов акционеров и установление прозрачного, понятного, доступного акционерам механизма определения размера дивидендов и их выплаты;
- 3) предоставления акционерам достаточной информации для формирования точного представления о наличии условий для дивидендов и о порядке их выплаты;

4) исключения возможности введения акционеров в заблуждение относительно финансового положения Общества при выплате дивидендов.

4.2. Дивидендная политика Общества основывается на следующих принципах:

- 1) строгое соблюдения прав акционеров, предусмотренных законодательством Республики Казахстан, Уставом Общества и Кодексом корпоративного управления;
- 2) обеспечение достаточного финансирования деятельности Общества за счет инвестирования части чистого дохода в развитие Общества в целях увеличения стоимости активов и роста капитализации Общества;
- 3) обеспечение за счет капитализируемой части чистого дохода, достижения приоритетных целей развития Общества;
- 4) соблюдение ограничений, установленных законодательством Республики Казахстан и Уставом Общества, при принятии решения о выплате дивидендов;
- 5) обеспечение мотивации Правления Общества к достижению планируемого чистого дохода и дивидендов;
- 6) планирование Обществом на год вперед и составление прогноза на следующие годы величины чистого дохода, потребности в финансовых ресурсах для реализации проектов и программ, размера планируемых дивидендов, а также осуществление контроля со стороны Совета директоров Общества за фактически достигнутыми Обществом показателями по результатам финансового года и выработки Советом директоров предложений по уточнению размера дивидендов;
- 7) оценка Советом директоров эффективности руководящих работников Общества с учетом достижения по результатам отчетного года согласованного размера чистого дохода
- 8) соблюдение интересов единственного акционера;
- 9) прозрачность механизма определения размера дивидендов.

5. Основные условия выплаты дивидендов

5.1. При принятии решения о выплате дивидендов Единственный акционер исходит из условий их выплаты, а также учитывает размер полученного чистого дохода за отчетный финансовый период и потребностей развития деятельности Общества.

5.2. Условиями для выплаты дивидендов по акциям Общества являются:

- 1) наличие у Общества чистого дохода по результатам финансово-хозяйственной деятельности за год;
- 2) отсутствие предусмотренных законодательством ограничений для начисления дивидендов;
- 3) соответствие законодательству Республики Казахстан порядка начисления и выплаты дивидендов в Обществе;
- 4) поддержание требуемого уровня финансового и материально-технического состояния Общества, обеспечение перспектив его развития;
- 5) наличие рекомендаций Совета директоров о размере дивидендов;
- 6) наличие решения Единственного акционера о выплате дивидендов.

6. Порядок определения размеров дивидендов

6.1. Дивиденды выплачиваются из чистого дохода Общества, определяемого на основе его финансовой отчетности, составленной в соответствии с Международными стандартами финансовой отчетности.

6.2. В соответствии с законодательством Республики Казахстан Совет директоров Общества представляет Единственному акционеру предложения о порядке распределения чистого дохода Общества за истекший финансовый год и размерах дивидендов в расчете на одну простую акцию Общества, выплачиваемых Обществом по итогам года.

6.3. Окончательное решение о размере и сроках выплаты дивидендов принимается решением Единственного акционера.

6.4. При определении рекомендуемого Единственному акционеру размера дивидендов Совет директоров Общества учитывает предлагаемые Правлением Общества основные направления распределения чистого дохода. Для выработки Советом директоров рекомендаций по размеру дивидендов Правление Общества представляет обоснование по каждому направлению предполагаемого распределения чистого дохода, полученного по результатам деятельности Общества в отчетном финансовом периоде.

6.5. При анализе предложений по распределению чистого дохода и решения вопроса о доли дохода, рекомендуемого на дивидендные выплаты, Советом директоров Общества учитываются следующие основные факторы, влияющие на пропорции распределения чистого дохода:

- 1) фактический размер полученного чистого дохода Общества;
- 2) обеспечение формирования резервного капитала и фонда развития

Общества;

3) финансово-хозяйственные планы Общества на следующий отчетный период;

4) обеспечение приоритетных целей стратегического развития Общества.

6.6. При определении рекомендуемого акционерам размера дивиденда (в расчете на одну простую акцию) и соответствующей доли чистого дохода Общества, направляемой на дивидендные выплаты, Совет директоров Общества исходит из того, что сумма средств, направляемая на дивидендные выплаты должна соответствовать требованиям законодательства Республики Казахстан.

6.7. Размер дивидендов на одну простую акцию определяется исходя из суммы чистого дохода разделенного на количество простых акций Общества.

6.8. Размер рекомендуемых Советом директоров дивидендов в расчете на одну простую акцию исчисляется в национальной валюте Республики Казахстан и округляется в соответствии с математическими правилами до тенге.

7. Порядок использования чистого дохода

7.1. Часть чистого дохода Общества после уплаты налогов направляется на:

- 1) выплату дивидендов на государственный пакет акций;
- 2) распоряжение Общества, для направления на развитие Общества или формирование резервного капитала.

7.2. Формирование резервного капитала Общества и утверждение порядка его использования осуществляется Советом директоров Общества.

8. Порядок принятия решения о выплате дивидендов

8.1. При наличии условий, предусмотренных пунктом 5.2. настоящей Дивидендной политики Совет директоров Общества, руководствуясь разделом 6 настоящей Дивидендной политики, представляет на рассмотрение Единственного акционера предложения о порядке распределения чистого дохода Общества за истекший финансовый год и размерах дивидендов в расчете на одну простую акцию Общества, выплачиваемых Обществом по итогам года, для принятия акционерами окончательного решения.

8.2. Предложения Совета директоров Общества по размеру дивидендов, выплачиваемых по акциям по результатам финансового года и порядку его выплаты оформляются протоколом (решением Совета директоров), выписка из которого должна быть доступна акционерам Общества в соответствии с действующим законодательством для принятия ими окончательного решения.

8.3. Единственный акционер Общества в установленном

сиф

законодательством порядке:

- 1) принимает решение о выплате (невыплате) дивидендов на государственный пакет акций;
- 2) принимает решение об утверждении порядка распределения чистого дохода Общества за отчетный финансовый год;
- 3) утверждает размер дивиденда в расчете на одну простую акцию Общества.

8.4. Информация о принятии решения о выплате дивидендов должна быть достаточной для формирования точного представления о наличии условий для выплаты дивидендов и порядке их выплаты.

8.5. Решение о выплате дивидендов по простым акциям Общества должно содержать следующие сведения:

- 1) период, за который выплачиваются дивиденды;
- 2) размер дивиденда в расчете на одну простую акцию;
- 3) дату начала выплаты или период выплаты дивидендов, установленный действующим законодательством Республики Казахстан;
- 4) порядок и форму выплаты дивидендов.

8.6. Решение о выплате дивидендов по простым акциям Общества принимается Единственным акционером и оформляется протоколом.

9. Ограничения выплаты дивидендов

9.1. При принятии решения о выплате дивидендов Единственный акционер руководствуется ограничениями, установленными законодательством об акционерных обществах.

9.2. Дивиденды не начисляются и не выплачиваются по акциям, которые не были размещены или были выкуплены самим Обществом, а также если судом или Единственным акционером Общества принято решение о его ликвидации.

9.3. Не допускается начисление дивидендов по простым акциям Общества:

- 1) при отрицательном размере собственного капитала или если размер собственного капитала общества станет отрицательным в результате начисления дивидендов по его акциям;
- 2) если Общество отвечает признакам неплатежеспособности или несостоятельности в соответствии с законодательством Республики Казахстан о реабилитации и банкротстве либо указанные признаки появятся у общества в результате начисления дивидендов по его акциям.

10. Порядок и форма выплаты дивидендов

10.1. Дивиденды по итогам года выплачиваются в срок, установленный акционерами при принятии решения о начислении дивидендов.

Если последний день срока выплаты дивидендов приходится на нерабочий день, днем окончания срока считается следующий за ним



рабочий день.

10.2. Общество вправе исполнить обязательство по выплате дивидендов досрочно. Общество вправе исполнить обязательство по выплате дивидендов в любой день в течение срока выплаты дивидендов.

10.3. При отсутствии решения Единственного акционера о выплате дивидендов Общество не вправе выплачивать дивиденды, а акционеры требовать их выплаты.

10.4. Выплата дивидендов производится в денежной форме путем перечисления суммы с расчетного счета Общества на казначейский счет местного налогового органа.

10.5. Налогообложение выплачиваемых дивидендов осуществляется в порядке, предусмотренном законодательством Республики Казахстан.

11. Раскрытие информации о дивидендной политике

11.1. Акционеры и другие заинтересованные лица могут ознакомиться с настоящей Дивидендной политикой и изменениями к ней в порядке, предусмотренном действующим законодательством Республики Казахстан, а также на официальном web-сайте Общества в сети Интернет по адресу: www.kazgeology.kz.

11.2. В составе материалов, предоставляемых акционерам для принятия решения, должна содержаться информация, свидетельствующая о наличии или отсутствии условий, необходимых для выплаты дивидендов.

11.3. В течение 10 (десяти) рабочих дней со дня принятия решения о выплате (невыплате) дивидендов по акциям Общества это решение должно быть опубликовано в средствах массовой информации.

12. Ответственность за своевременную выплату дивидендов

12.1. Общество обязано выплатить дивиденды, объявленные по акциям.

12.2. Ответственность за несвоевременную выплату дивидендов несет Правление Общества в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан и Уставом Общества.

12.3. В случае невыплаты дивидендов в срок, установленный для их выплаты, акционеру выплачивается основная сумма дивидендов и пеня, исчисляемая исходя из официальной ставки рефинансирования Национального Банка Республики Казахстан на день исполнения денежного обязательства или его соответствующей части за каждый день просрочки.

13. Заключительные положения

13.1. Решение об утверждении настоящей Дивидендной политики, а также решение о внесении изменений и дополнений в настоящую Дивидендную политику и решение о признании ее утратившим силу принимается Единственным акционером Общества.

русс

13.2. Если отдельные пункты настоящей Дивидендной политики вступают в противоречие с законодательством Республики Казахстан и Уставом Общества, эти пункты утрачивают силу и в части регулируемых этими пунктами вопросов следует руководствоваться нормами законодательства Республики Казахстан и Устава Общества до момента внесения соответствующих изменений в настоящую Дивидендную политику.

Биде

Прожито в
печенье
№ 18 (всего 18)

